

Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2024 жылғы 4 қазандағы № 60/04 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 қазанда № 6667-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші осы қаулының қосымшасына сәйкес жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Булекпаев

Қарағанды облысы әкімдігінің
2024 жылғы 4 қазандағы
№ 60/04
Қаулысына қосымша

Қарағанды облысы әкімдігінің күші жойылған қаулыларының тізбесі

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 11/04 "Қарағанды облысының Кенгір, Жезді су қоймаларында, Қаракенгір, Жезді, Атасу, Ақтасты өзендерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1911 болып тіркелген).

2. Қарағанды облысының әкімдігінің 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 53/03 "Қарағанды облысының Баир өзенінің учаскесінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5482 болып тіркелген).

3. Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 29/03 "Қарағанды облысы Байқоңыр өзенінің учаскесінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6327 болып тіркелген).